

Алматы қаласында "Құрылысшы" ықшамауданының көшелеріне атау беру туралы

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XI сессиясының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 115 бірлескен шешімі және Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 14 шілдедегі N 3/552 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 14 тамызда N 782 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес қалалық ономастика комиссиясы ұсынысының негізінде, бірлесе отырып, Алматы қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. "Құрылысшы" ықшамауданының көшелеріне мынадай атаулар берілсін:

1.	Аршалы	бірінші көшеге, ұзындығы 1400 м.
2.	Ботақара	екінші көшеге, ұзындығы 700 м.
3.	Құлан	үшінші көшеге, ұзындығы 700 м.
4.	Телкоңыр	төртінші көшеге, ұзындығы 1400 м.
5.	Жаңарқа	бесінші көшеге, ұзындығы 800 м.
6.	Көкорай	алтыншы көшеге, ұзындығы 600 м.
7.	Жусанды	жетінші көшеге, ұзындығы 600 м.
8.	Темірқазық	сегізінші көшеге, ұзындығы 1000 м.
9.	Көкшоқы	тоғызыншы көшеге, ұзындығы 250 м.
10.	Жайлы	оныншы көшеге, ұзындығы 800 м.
11.	Күреңбел	он бірінші көшеге, ұзындығы 700 м.
12.	Тұмар	он екінші көшеге, ұзындығы 1000 м.
13.	Ақсұңқар	он үшінші көшеге, ұзындығы 1000 м.
14.	Ырысты	он төртінші көшеге, ұзындығы 1200 м.

2. Алматы қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы көшелердің есім көрсеткіштерін, үйлердің рет сандарын жасап және орнатуға Алматы қаласының жергілікті бюджетінде қажетті қаражат қарастырсын.

3. Әуезов ауданының әкімі Ә.Несіпбаевқа, Алматы қаласының жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы және "Алматықалабезендіру" ААҚ (келісім бойынша) көшелердің жаңа есім көрсеткіштерін және үйлердің рет сандарын жасап орнатсын.

4. Әуезов ауданының әкімі Ә.Несіпбаевқа нормативті құқықтық актіні тиісті мекемелерге жеткізсін.

5. Осы нормативті құқықтық актінің орындалуын бақылау IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік мәселелер және қоғамдық келісім жөніндегі тұрақты

комиссияға (Е.Тәжиев) және Алматы қалалық тілдерді дамыту басқармасына жүктелсін

6. Осы нормативті құқықтық акті алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы әкімі

А. Есімов

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XI сессиясының
төрағасы Т. Есполов*

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК